

Ата-аналар қоғамымен жұмыс

Аққайың жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылына ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру мақсатында жоспар құрылып, бекітілді.

Мектебімізде отбасы саны-48.

Ата - аналармен жұмыс келесі түрлерінде өткізілді:

- Ата аналар жиналыстары;
- Ата-аналармен тренингтер өткізу;
- Пікір сайыстар жүргізу;
- Дөңгелек үстел;
- Ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті;
- Психологиялық кеңес беру.
- Қамқоршылық кеңес мүшелері, аналар мектебі және әкелер мектебі, өзін—өзі басқару ұйымының мүшелерімен бірлескен жұмыс

Қыркүйек, қаңтар, наурыз, мамыр айларында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қыркүйек айында «Бірінші класс оқушыларының ата-аналарына өз балаңа үлгі бол » ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Нәтижесінде ата-аналар балалардың мектепке бейімделуіне қосар үлесі жайлы кеңес берілді.

Қазан айында 2-4 сынып оқушыларының ата-аналарына «Мен және отбасым» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке оқушыларда қатысты. Мақсаты: Оқушыларға отбасы туралы мағлұмат бере отырып ,отбасын құрметтеуге, мақтан етуге, ата-анасын сыйлауға, кішіге қамқор, тату болуға тәрбиелеу. Нәтижесінде ата-ана мен бала арасындағы қарым қатынасқа жағымды әсер етті. Тренингтен ата-ана мен бала жағымды әсер алды.

Қараша айында 5-9 класс ата-аналармен төтенше жағдай кезінде ата-аналармен оқушыларға психологиялық қолдау көрсету іс шарасы жүргізілді. Іс шара барысында баяндама оқылып, тренинг жаттығулар жүргізілді және кеңес берілді. Мақсаты: Ата-аналармен оқушыларға психологиялық жағымды ахуал тудырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Нәтижесінде ата-аналар тақырып бойынша ақпараттандарылды және жағымды әсер алды.

Желтоқсан айында ата-ана мен бала арасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама 1-11 класс ата-аналарынан «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында алынды. Нәтижесі ұпаймен анықталды. Ата аналардың жинаған ұпайлары 18-39 аралығындағы ұпайды құрады. Сауалнаманың нәтижесіне қарай ата-аналарға ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Қаңтар айында «Отбасының рухани құндылықтары» тақырыбында кездесу өткізілді. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіріліп, пікір алмасу орын алды.

Наурыз айында ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары тақырыбынды кеңес берілді.

Сонымен қатар ата ана мен бала арасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында 1-11 сынып ата аналардан сауалнама алынды. Нәтижесінде басым көпшілігінде ата - ана мен бала арасындағы қарым - қатынас жақсы деңгейде. Бірақта ата-аналар мен балалардың арасындағы қарым-қатынас түрлері азайған отбасыда байқалды. Соның ішінде қарым-қатынас түрі жақын араласып сөйлесу азайғаны байқалды. Сауалнама нәтижесіне қарай жеке кеңес берілді.

Оқу жылы барысында өткізілген іс-шараларға ата-аналар тарапынан қолдау және белсенділік таныту болды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Әбілхаева Г.Н.